



## SDU University Research Ethics Committee

### Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары/қамқоршылары үшін ақпараттандырылған келісім хат

#### НЕГІЗГІ АҚПАРАТ:

- Сіздің балаңыздан [ғылыми жұмысыңыз туралы жалпы ақпаратты енгізіңіз] зерттеу жұмысына қатысуы сұралады. Барлық зерттеулер сияқты, зерттеуге қатысу ерікті болып табылады.
- Зерттеудің мақсаты [қатысушыға зерттеуді толық түсінуге көмектесу үшін зерттеу мәселесі мен мақсатын түсінікті, қысқа тілмен түсіндіріңіз].
- Бұл зерттеуге шамамен [сан] адам қатысады. Нәтижелер [нәтижелердің не үшін пайдаланылатынын сипаттаңыз, соның ішінде магистрлік диссертация немесе қажет болса, басқа курстың талаптары] үшін пайдаланылады.
- Балаңыздың осы зерттеуге қатысуына рұқсат берсеңіз, зерттеу [уақыттың ұзақтығын (сағаттарды, күндерді, апта(лар), ай(лар) немесе жыл(дар) және қатысу ұзақтығы және қатысуға жұмсалған уақыттың болжамды мөлшері (сағат немесе минутпен) енгізіңіз] уақыт алады. Қосымша ақпарат жинауды жоспарлап отырғаныңызды және бұл қашан жүргізілетінін көрсетіңіз. Мысалы: «Қосымша ақпарат соңғы кездесуден кейін, алты айдан соң жиналады.»
- Қатысушыдан не сұралатынын, қанша уақытқа созылатынын, зерттеу қайда өтетінін және зерттеу тапсырмаларын қаншалықты жиі орындау қажет ететіні туралы ақпарат беріңіз. Келісім хат формасының негізгі бөлімінде толығырақ мәлімет беретініңізді ескеріңіз.
- Қатысушыға зерттеу кезінде туындайтын негізгі тәуекелдер немесе қолайсыздықтар (мысалы, физикалық, эмоционалдық, әлеуметтік) туралы хабарлаңыз. Егер белгілі тәуекелдер болмаса, онда осы бөлімде ұсынылған келесі мәлімдемені қолданыңыз: "біз бұл зерттеуде қатысушыларға төнетін қауіп төмен деп есептейміз" Содан кейін қатысушыға зерттеу процедуралары нәтижесінде кез келген қауіп және/немесе қолайсыздықтар туралы (мысалы, процедураларды аяқтауға кететін уақыты, тамақтанудан бас тарту, қатысушыларға отыру немесе тұру қажет болуы мүмкін уақыт ұзақтығы) хабарлаңыз.
- Зерттеу нәтижесі қатысушыға қандай пайда алып келетінін сипаттаңыз. Қатысушылардың немесе жалпы қоғамның (мысалы, білімнің таралуы, басқалардың денсаулығына пайдасы) алатын пайдасын сипаттаңыз. Қатысу ақысын немесе басқа сыйақылар мен сыйлықтарды қоспаңыз. Егер қатысушылар тікелей пайда көрмейді деп күтілсе, онда осы бөлімде ұсынылған келесі мәлімдемені қолданыңыз: "сіз бұл зерттеуден тікелей пайда

ала алмайсыз; дегенмен, сіздің зерттеуге қатысуыңыз....(қоғамға келтірілетін пайданы сипаттаңыз). "Егер пайдалы болмаса, оны осында көрсетіңіз”].

- [Егер бар болса, басқа процедураларды сипаттаңыз.]

## **ЗЕРТТЕУ ТУРАЛЫ ТОЛЫҚ АҚПАРАТ (кейбір ақпарат қайталануы мүмкін):**

Сіздің балаңыздан [ғылыми жұмысыңыз туралы жалпы мәлімдемені енгізіңіз] зерттеу жұмысына қатысуы сұралады. Бұл зерттеу (оқу орнын сипаттаңыз- REC өтініш формасының 1-сұрақ 5-бөлімін қараңыз) жерде жүргізіледі. Бұл зерттеу [бас зерттеушінің аты және егер студент болса, сондай-ақ зерттеуші оқытушының атын көрсетіңіз] [факультет немесе академиялық бағдарлама] жүргізіледі.

Сіздің балаңыз қатысушы ретінде таңдалды, себебі [не үшін таңдалғанын түсіндіріңіз].

Балаңыздың зерттеуге қатысуына келісім бермес бұрын осы келісім формасын оқып шығыңыз және кез келген сұрақтарыңызды қойыңыз.

## **РӘСІМДЕУ:**

Егер сіз балаңыздың осы зерттеуге қатысуына рұқсат берсеңіз, олардан келесі әрекеттерді орындау сұралады:

[Егер ата-аналары/қамқоршылары қатысуға келісім берсе, зерттеу кезінде не болатынын егжей-тегжейлі сипаттаңыз. Қатысушыларға зерттеуді кезең-кезеңімен сипаттамасын, қанша уақыт алатынын, зерттеудің қай жерде өтетінін және зерттеу тапсырмаларын қаншалықты жиі орындауы қажет екені туралы ақпаратты қосыңыз. Егер процедуралар оңай және / немесе бір реттік болса, бұл бөлімде жазылатын ақпарат қысқаша болуы мүмкін

Қатысушы зерттеушімен кездескен кезінде, қатысушымен қандай жұмыс жасалатынын білуі керек. Зерттеудің барлық процедуралары сипатталуы керек, бірақ тәжірибелік жұмыс болып табылатын және зерттеудің бөлігі болып табылмайтын процедуралар қамтылмайды. Барлық процедуралар қатысушылардың жасына және біліміне сәйкес тілде сипатталуы керек. Егер терминология қолданылса, онда сипаттама қосылуы керек. Күрделі процедураларды түсіндіруді жеңілдету үшін диаграммаларды немесе кестелерді пайдалану ұсынылады.

Зерттеу кезінде орындалатын әр қадамды хронологиялық тәртіпте тізіп, не күтелетінін ескертіңіз. Егер бірнеше сеанстар өткізілсе, әр сеансты егжей-тегжейлі сипаттайтын уақыт кестесін беріңіз.

Егер қолданылса (мысалы, клиникалық зерттеу, емдеу және т. б.), қатысушылардың топтарға қалай бөлінетіндігі, қандай тапсырма орындау керектігі, зерттеуге қатысатын басқа топтар және басқа да критерийлер туралы ақпаратты қосыңыз.

Егер аудио немесе бейнежазба қолданылса, қатысушыға жазба туралы хабарлау керек және оған осы форманың соңында аудио/видео жазбаларын жазуға келісу/келіспеу мүмкіндігі берілуі керек. Қатысушылар жазбадан бас тартса да зерттеуге қатыса алатыны туралы хабардар болуы керек. Егер қатысу үшін таспаға жазу қажет болса, ақпарат осы жерде де, зерттеудің соңында да нақты көрсетілуі керек.

## ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

Бұл зерттеудің жазбалары құпия сақталады және балаңыздың құпиялық туралы құқықтары қорғалады. Егер зерттеуші (лер) зерттеуге қатысты белгілі бір есеп жариялайтын болса, қатысушылар туралы ақпарат көрсетілмейді. [Егер зерттеу әдістері фокус-топты қамтыса, келесі ақпаратты қосыңыз: Зерттеушілер деректердің құпиялылығын сақтау үшін барлық сақтық шараларын қабылдайтынына қарамастан, фокус-топтардың табиғатына байланысты құпиялылыққа толық кепілдік бере алмайды. Зерттеушілер қатысушылардан бір-бірінің жеке өміріне құрметпен қарап, фокус-топта айтылған ақпаратты өзгелерге айтпауын өтінеді. Егер қажет болса, қосыңыз: Егер сіз өзіңіздің немесе басқалардың денсаулығына немесе физикалық қауіпсіздігіне тікелей және жанама қауіп туындаған жағдайда ғана, қатысушы туралы мәлімет құпия сақталады. Бұл жағдайда Сізге кәсіби маманның көмегі қажет болуы мүмкін. Зерттеу басталмас бұрын аталған жағдай туралы алдын-ала ескертіледі.]

Зерттеу жазбалары қауіпсіз жерде сақталады және бұл жазбаларға тек зерттеуші (лер) қол жеткізе алады. Барлық деректер [жазбалардың қай жерде сақталатынын сипаттаңыз, мысалы, зерттеушінің кабинетіндегі құлыпталған файл шкафында немесе парольмен қорғалған ноутбукта] сақталады. Зерттеуге қатысты барлық құжаттар IRB құжаттары, жазбалар, транскрипт, және келісім хат [3 немесе одан да көп] жыл өткеннен кейін жойылады. Егер аудио жазбалар жасалса, қажетті ақпарат алынғаннан кейін жойылады. [Егер қандай да басқа бір жазбалар жасалса, оған кімге қол жеткізе алатынын, ақпараты қалай өңделетінін, жазбалар қандай мақсатта пайдаланылатынын және қашан жойылатынын түсіндіріңіз. Егер бұл сіздің зерттеуіңізге қатысы болмаса, жазбауға болады.]

[Кейбір кәсіби ұйымдар және/немесе журналдар жариялауға жібермес бұрын, қатысушылардың жеке деректер көрсетілмеген ақпаратты сұратады. Егер бұл сіздің ғылыми зерттеулеріңізге қатысты болса, сіз мұны келісім формасының осы бөлімінде келесідей көрсетуіңіз керек: "Осы зерттеуде жиналған мәліметтер, сондай-ақ зерттеу нәтижелері ғылыми мақсатта пайдаланып және жариялануы мүмкін (қатысушы туралы деректер көрсетілмейді). Осы зерттеудегі деректер анонимді түрде ашық ақпарат көздерінде басқаларға қол жетімді бола алады. Мысалы, Open Science Framework платформасы арқылы (osf.io), қосымша жазбаша келісімсіз өзгелерге қол жетімді болады. Деректерді қайта талдау үшін, сондай-ақ сол немесе басқа зерттеушілер қосымша талдау үшін зерттеудегі ақпаратты (қатысушы туралы ақпарат құпия күйінде) пайдалануға болады. Зерттеуде келтірілген деректерді басқа зерттеушілер не мақсатта немесе қандай көлемде пайдаланатынын болжау мүмкін емес. Қатысушыны тікелей анықтай алатын кез келген жеке ақпарат деректер мен нәтижелер зерттеу жарияланғанға дейін жойылады. Жеке ақпарат мұқият қорғалады, сондықтан ешкім қатысушының жауабы мен жеке басын анықтайтын басқа ақпаратқа қол жеткізе алмайды. Жеке тұлға туралы жиналған барлық жеке басын анықтайтын ақпарат басқа мәліметтерден бөлек сақталады."]

## ЗЕРТТЕУГЕ ҚАТЫСУ ЕРІКТІЛІГІ :

Бұл зерттеуге қатысу ерікті болып табылады және сіздің келісіміңізді талап етеді. Сіздің балаңызға қатысу немесе қатыспау туралы шешіміңіз SDU университетімен [немесе мектеп/агенттік сияқты кез келген басқа мекемелермен қазіргі немесе болашақтағы

қарым-қатынасыңызға әсер етпейді. Бұл сіздің зерттеуіңізге қатысы болмаса, оны өткізіп жіберіңіз]. Егер сіз балаңызды зерттеуге қатысады деп шешсеңіз, қатысушы жауап бергісі келмеген сұрақты өткізіп жіберуге құқылы. Сондай-ақ кез келген уақытта осы зерттеуге қатысудан бас тарта алады.

## БАЙЛАНЫС ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ СҰРАҚТАР:

Бұл зерттеуді жүргізетін зерттеушілер: [зерттеушінің аты-жөні]. Егер сізде қандай да бір сұрақтар туындаса, зерттеушіге [жұмыс орыны, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы] бойынша хабарласуды сұраймыз. Егер зерттеуші студент болса, жетекшісінің аты-жөнін, лауазымын, телефон нөмірін және электрондық пошта мекенжайын да қосыңыз.]

SDU университетінің Ғылыми-зерттеу этикасы комитеті (REC) бұл жобаны қарастырды. Зерттеуге қатысты кез келген сұрақтар бойынша / немесе егер сіз қатысушы ретіндегі құқықтарыңыз (немесе басқа қатысушының құқықтары) бұзылғанын немесе сізге зарбап (физикалық немесе эмоционалдық) әкелгенін сезсеңіз, Ғылыми-зерттеу этикасы комитетінің хабарласыңыз [rethics@sdu.edu.kz](mailto:rethics@sdu.edu.kz).

## КЕЛІСІМ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ:

Жасым 18-ден жоғары. Мен жоғарыдағы ақпаратты оқып, түсіндім, баламның зерттеуге қатысуына келісім беремін.

Қолы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

Қолы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

Бұл бөлімді қажет болған жағдайда ғана пайдаланыңыз:

Мен аудиожазбаға/транскрипцияға рұқсат беремін \_\_\_ Иә \_\_\_ Жоқ  
Қарсы болған жағдайда, зерттеуші оның орнына [басқа балама нұсқаларды ұсына алады].

Мен бейнежазбаға/транскрипцияға рұқсат беремін \_\_\_ Иә \_\_\_ Жоқ  
Қарсы болған жағдайда, зерттеуші оның орнына [басқа балама нұсқаларды ұсына алады].

Қолы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

Егер бұл онлайн зерттеу болса, жоғарыдағы қол қою бөлімдерін алып тастап, оның орнына келесі мәтінді пайдаланыңыз:

- Электрондық келісім: “Келісемін” батырмасын басу арқылы мен:
- Жоғарыда көрсетілген ақпаратпен танығанымды,
- Зерттеуге өз еркіммен қатысуға келісетінімді,
- Жасым 18 жастан асқанын растаймын.

Егер сіз зерттеуге қатысқыңыз келмесе, “Келіспеймін” батырмасын басу арқылы қатысудан бас тарта аласыз.

***Келісім хатты немесе оның көшірмесін өзіңізде сақтаңыз.***